

Қостанай облысы әкімдігінің 2021 жылғы 22 қарашадағы № 528 "Қостанай облысы әкімдігінің қаржы басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Қостанай облысы әкімдігінің 2024 жылғы 13 желтоқсандағы № 482 қаулысы

Қостанай облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қостанай облысы әкімдігінің "Қостанай облысы әкімдігінің қаржы басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы" 2021 жылғы 22 қарашадағы № 528 қаулысына келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген "Қостанай облысы әкімдігінің қаржы басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ережеде:

15-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"15. Функциялар:

1) облыстың бюджетін атқаруды ұйымдастырады және облыстық бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің, облыстың аудандары мен қалаларының бюджеттің атқарылуы жөніндегі қызметін үйлестіреді;

2) облыстың аудандары мен қалаларының бюджеттеріне субвенцияларды, заңнаманың өзгеруіне байланысты жоғары тұрған бюджеттің шығындарын өтеуге төмен тұрған бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттерді, заңнаманың өзгеруіне байланысты төмен тұрған бюджеттің шығындарын өтеуге жоғары тұрған бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттерді уақтылы аударуды жүзеге асырады;

3) облыстық бюджетке түсетін түсімдердің болжамына қатысады;

4) төлемдер бойынша түсімдер мен қаржыландырудың жиынтық жоспарын, міндеттемелер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарын жасайды және бекітеді ;

5) төлемдер бойынша түсімдер мен қаржыландырудың жиынтық жоспарына, міндеттемелер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарына өзгерістер енгізеді;

6) облыстық бюджеттің және облыс бюджетінің атқарылуы туралы есепті жасайды;

7) республикалық бюджеттен бөлінген, Қазақстан Республикасының Үкіметі ағымдағы қаржы жылы одан әрі пайдалану (толық пайдалану) туралы шешім қабылдамаған нысаналы трансферттердің өткен қаржы жылында пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) сомаларын қайтаруды жүзеге асырады;

8) өткен қаржы жылында бөлінген, Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша пайдалануға (толық пайдалануға) рұқсат етілген нысаналы трансферттердің қаржы жылы ішінде пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) сомаларын қайтаруды жүзеге асырады;

- 9) бюджетті атқару сатысында азаматтық бюджетті жасайды;
- 10) тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден түсетін ақша түсімдері мен шығыстары жоспарларының орындалуы туралы есепті жасайды;
- 11) филантропиялық қызметтен және (немесе) қайырымдылық көмектен және (немесе) меценаттық қызметтен түсетін ақшаның түсімі мен жұмсалуды туралы есепті жасайды;
- 12) жергілікті бюджеттің кредиторлық және дебиторлық берешектері туралы есепті жасайды;
- 13) бюджет ақшасын басқаруды жүзеге асырады, уақытша бос ақша көлемін айқындайды және оларды Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің депозиттік шотына орналастыру үшін аударуды жүзеге асырады;
- 14) бюджет шығыстары атқарылуының бюджеттік мониторингін жүзеге асырады, облыс бюджетінің шығыс бөлігін орындау туралы талдамалы есепті жасайды;
- 15) бюджеттік есепке алуды және есептілікті жүргізуді жүзеге асырады;
- 16) тиісті қаржы жылына облыстық бюджет туралы мәслихаттың шешімімен бекітілген сомалар шегінде бюджеттік бағдарламаларды толық және уақтылы орындауға бағытталған іс-шараларды жүзеге асырады;
- 17) жартыжылдық және қаржылық жылдың қорытындысы бойынша шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасайды және ұсынады;
- 18) қарыз алу арқылы ақша тарту процесін ұйымдастырады;
- 19) корпоративтік төлем карточкасын қолдануымен есептерді жүргізу үшін ұлттық валютада қолма-қол ақшаның бақылау шоттарын ашуға рұқсат береді;
- 20) облыстық бюджетке салық және салық емес түсімдер бойынша операциялардың есебін жүргізеді және оларды шоғырландырылған қаржылық есепілікте көрсетеді;
- 21) сыныптаманың кодтары бойынша түсімдердің артық (қате) төленген сомасын бюджетке қайтару және (немесе) есептеу үшін қорытындыны дайындайды;
- 22) мемлекеттік мекеменің өз билігінде қалатын тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуден түсетін ақшаның түсімдері мен шығыстарының жиынтық жоспарын және оған өзгерістер енгізу туралы анықтамаларды келіседі;
- 23) облыстық бюджетті нақтылау, түзету бойынша ұсыныстар енгізеді;
- 24) бюджеттік кредиттердің тіркелуін, есепке алынуын, мониторингін қамтамасыз етеді, бюджеттік кредиттердің өтелуін және оған қызмет көрсетуді жүзеге асырады;
- 25) облыстық коммуналдық мүлікті жекешелендіруді жүзеге асырады, жекешелендіру объектілерін бағалауды қамтамасыз етеді, жекешелендіру объектісінің сатып алу-сату шарттарын дайындау мен жасасуды жүзеге асырады;
- 26) облыстық коммуналдық мүлікті сенімгерлік басқаруға береді, сенімгерлік басқару шарттарын дайындау мен жасасуды жүзеге асырады;
- 27) облыстық коммуналдық мүлікті жалдауға, өтеусіз пайдалануға беру туралы шешім қабылдайды;

28) мүлікті облыстық коммуналдық заңды тұлғалардың бір-біріне беруі туралы шешім қабылдайды;

29) мүлікті облыстық және аудандық коммуналдық меншік деңгейлері арасында қабылдау мен табыстау туралы шешім қабылдайды;

30) мемлекеттік заңды тұлғаларға облыстық коммуналдық мүлікті уақытша өтеусіз пайдалануға беру жөніндегі шарттарды жасасады;

31) облыстың жергілікті атқарушы органының шешімі бойынша мемлекеттік мүлікті өтеусіз пайдалану, соның ішінде мемлекеттің меншігіндегі ғибадат үйлерін (ғимараттарын) және ғибадат ету мақсатындағы өзге де мүлікті діни бірлестіктерге өтеусіз пайдалануға беру туралы шартын жасасады;

32) облыстық коммуналдық мүлікті есептен шығаруды келіседі;

33) сыйға тарту шарты бойынша мүлікті облыстық коммуналдық меншікке қабылдау жөнінде жұмысты үйлестіреді;

34) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де функцияларды жүзеге асырады."

2. "Қостанай облысы әкімдігінің қаржы басқармасы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) жоғарыда көрсетілген Ережеге енгізілген өзгеріс туралы әділет органдарын хабардар етуді;

2) осы қаулыға қол қойылған күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі электрондық түрдегі көшірмесін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Қостанай облысы бойынша филиалына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберілуін;

3) осы қаулының ресми жарияланғанынан кейін оның Қостанай облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қостанай облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қостанай облысының әкімі

Қ. Ақсақалов